Лондон, 2025 жылғы 22 желтоқсан

ОСЫ ҚҰЖАТТЫ ШЫҒАРУ, ЖАРИЯЛАУ НЕМЕСЕ ТАРАТУ ЗАҢСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДА НЕМЕСЕ КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДАҒЫ (НЕМЕСЕ РЕЗИДЕНТТЕГІ) КЕЗ КЕЛГЕН ТҰЛҒАҒА ШЫҒАРУҒА, ЖАРИЯЛАУҒА НЕМЕСЕ ТАРАТУҒА АРНАЛМАҒАН

"ҚАЗМҰНАЙГАЗ" ҰК АҚ ЖӘНЕ KAZMUNAIGAZ FINANCE SUB B.V. 2047 ЖЫЛЫ ӨТЕУ МЕРЗІМІ 1 250 000 000 АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАЙТЫН 5,75% МӨЛШЕРЛЕМЕМЕН ЖӘНЕ 2048 ЖЫЛЫ ӨТЕУ МЕРЗІМІ 1 500 000 000 АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАЙТЫН 6,375% МӨЛШЕРЛЕМЕМЕН АЙНАЛЫМДАҒЫ ОБЛИГАЦИЯЛАР СЕРИЯСЫНЫҢ ӘРҚАЙСЫСЫ БОЙЫНША ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МАКСИМАЛДЫ ҰСЫНЫС СОМАСЫНА ДЕЙІН ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАМЕН САТЫП АЛУ ҰСЫНЫСТАРЫНЫҢ СОҢҒЫ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАЙДЫ.

2025 жылғы 22 желтоқсан – "ҚазмұнайГаз" ҰК АҚ ("**Эмитент**") және KazMunaiGaz Finance Sub B.V. ("**KMG Finance**" және, Эмитентпен бірлесіп, "**Ұсыныстың бастамашылары**») бүгін олар Эмитенттің айналымдағы облигацияларын қолма–қол ақшаға сатып алу туралы өздерінің бұрын жарияланған өтеу ұсыныстарының соңғы нәтижелерін жариялайды: (i) 2047 жылы өтеу мерзімімен 5,75% мөлшерлемемен облигациялар; және (ii) 2048 жылы өтеу мерзімімен 6,375% мөлшерлемемен облигациялар (бірлесіп - "**Облигациялар**", ал мұндай ұсыныстар – "**Сатып алу туралы ұсыныстар**", және әрқайсысы жеке – "**Сатып алу туралы ұсыныс**").

Ұсыныстың бастамашылары 2025 жылғы 21 қарашадағы сатып алу туралы ұсыныста баяндалған тараптарды ескере отырып және сол талаптармен әрқайсысы екі бөлек сатып алу ұсынысын жасады ("**Сатып алу туралы ұсыныс**"). Осы хабарландыруда бас әріппен жазылатын және басқа жолмен айқындалмаған терминдер, Сатып алу туралы ұсыныста оларға берілген мағыналарға ие.

2025 жылдың 8 желтоқсанында бұрын хабарланғандай, ұсыныстың бастапқы күнінде өтеуге ұсынылған Облигациялардың жалпы негізгі сомасына тиісті пропорционалды бөлу факторлары қолданылғаннан кейін, ұсыныстың бастапқы күнінде ұсыныс бастамашылары 2047 жылы жалпы сомасы 250 000 000 АҚШ долларын құрайтын 5,75% өтеу мерзімі бар облигацияларды және 2048 жылы жалпы сомасы 249 875 000 АҚШ долларын құрайтын 6,375% өтеу мерзімі бар облигацияларды сатып алуға қабылдады (бірлесіп – "**Қабылданған облигациялар**"). Ұсыныстың бастамашылары, ерте есеп айырысу күні, қолданыстағы жалпы өтемақыны төледі, оған мерзімінен бұрын ұсыныс үшін төлем және қабылданған облигацияларға қатысты жинақталған пайыздар қосылды.

Ұсыныстардың бастапқы күнінде өтеуге ұсынылған облигациялардың негізгі сомасы жиынтық негізгі сомада 500 000000 АҚШ долларынан (ұсыныстың жалпы максималды сомасы болып табылады) асатындықтан, ұсыныстардың бастапқы күнінен кейін 2025 жылдың 19 желтоқсанында Нью-Йорк қаласының уақыты бойынша 17:00-ге дейін өтеуге ұсынылған облигациялардың ешқайсысы ("**Мерзімнің аяқталу уақыты**") сатып алуға қабылданған жоқ.

Сатып алу туралы ұсыныстардың мерзімі, аяқталу мерзіміне дейін аяқталды. Сатып алу туралы ұсыныстарға сәйкес Ұсыныс бастамашылары сатып алған, қабылданған облигациялардың күші жойылды.

Citigroup Global Markets Limited, J.P. Morgan Securities plc және J.P. Morgan SE сатып алу туралы ұсыныстар бойынша Дилерлердің менеджерлері ретінде әрекет етті, ал Kroll Issuer Services Limited сатып алу туралы ұсыныстар мен ақпарат бойынша агент ретінде әрекет етті.

Бұл хабарландыруды "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ басқарма төрағасының орынбасары Диана Арысова және KazMunaiGaz Finance Sub B.V. атынан сенімхат негізінде әрекет ететін А басқарушы директоры Отмар Э.Коларюс (Otmar E. Carolus) жасаған. Аталған хабарландыру (ЕО) №596/2014 Регламентіне сәйкес (оған енгізілген өзгерістерді және 2018 жылғы Еуропалық одақтан шығу туралы заңға сәйкес Ұлыбританияның ішкі заңнамасының құрамына кіретін бөліктерді қоса алғанда) инсайдерлік ақпаратты жария түрде ашу болып табылады (2025 жылғы 22 желтоқсан).

Бұл хабарландыру тек ақпараттық сипатта ғана болып табылады және қандай да бір бағалы қағаздарды (оның ішінде Облигацияларды) сату жөніндегі ұсыныс не оларды сатып алу туралы ұсыныс жасауға шақыру болып табылмайды. Мұндай ұсыныс, шақыру немесе сату заңсыз болып саналатын кез келген юрисдикцияда жүзеге асырылмайды. Осы хабарландырудың белгілі бір юрисдикцияларда таратылуы заңмен шектелуі мүмкін. Ұсыныс бастамашылары, дилер-менеджерлер және ұсыныстар мен ақпарат жөніндегі агент осы хабарландыруды алатын тұлғаларды мұндай шектеулердің бар-жоғымен өз бетінше танысуға және олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндеттейді.